

Жаңаөзен қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы

Күшін жойған

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 105 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінің 2014 жылғы 17 сәуір № 2401 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 142 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 26.02.2016 № 142 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 140-бабының 2-тармағына және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 382 "Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңаөзен қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бір бөлігін аудару нормативі бекітілсін.

2. Жаңаөзен қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының басқару органдары жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға алдағы үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджетке аударылуы тиіс таза табыстың бір бөлігінің болжамды сомаларын, сондай-ақ есепті жылы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жергілікті бюджетке аударған таза табысының мөлшерін берсін.

3. "Жаңаөзен қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Р.Джантлеуова) аталған қаулының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Көшмағанбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Азан

11 наурыз 2014 ж.

"Жаңаөзен қалалық дене шынықтыру
және спорт бөлімі " мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Б. Изджанов

11 наурыз 2014 ж

"Жаңаөзен қалалық мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Д.Утебаева

11 наурыз 2014 ж.

"Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй
коммуналдық шаруашылық және
тұрғын-үй инспекциясы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысының у.м.а.

Н.Клышмаганбетов

11 наурыз 2014 ж.

"Жаңаөзен қалалық ауыл
шаруашылығы және ветеринария
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

А.Тураков

11 наурыз 2014 ж.

"Жаңаөзен қалалық ішкі
саясат бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Т.Жакешова

11 наурыз 2014 ж.

Жаңаөзен қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бір бөлігін аудару нормативі

Таза табыс 1 теңгеден 500 000 теңгеге дейін	Таза табыс сомасынан 3 пайыз
Таза табыс 500 001 теңгеден 1 000 000 теңгеге дейін	Таза табыс сомасынан 5 пайыз
Таза табыс 1 000 001 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін	Таза табыс сомасынан 7 пайыз
Таза табыс 2 000 001 теңгеден 3 000 000 теңгеге дейін	Таза табыс сомасынан 10 пайыз
Таза табыс 3 000 001 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін	3 000 000 теңге мөлшеріндегі таза табыстан асқан сомасынан 300 000 теңге +12 пайыз
Таза табыс 10 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	10 000 000 теңге мөлшеріндегі таза табыстан асқан сомасынан 1 140 000 теңге + 15 пайыз
Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	50 000 000 теңге мөлшеріндегі таза табыстан асқан сомасынан 7 140 000 теңге + 20 пайыз
Таза табыс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	250 000 000 теңге мөлшеріндегі таза табыстан асқан сомасынан 47 140 000 теңге + 25 пайыз